

АУГАН СОҒЫСЫНЫҢ АЯҚТАЛҒАНЫНА - 35 ЖЫЛ

БАТЫРЫМЫЗДЫ МАКТАН ТҰТАМЫЗ

Қыдырәлі Раимбердиев М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті әскери кафедрасының аға оқытушы запастагы подполковник - Ауган соғысының ардагері. Қеңес әскерлерінін Ауганстан территориясынан шығарылғанына 35 жыл толуына орай кафедра ұжымы «Ерлік сабагы» үйімдастырып, студенттер алдында батырга құрмет көрсетті.

Әскери кафедраның бас-тығы полковник Жақып Кенжебаев өз сезінде жастарға ауган соғысының тарихынан мағлұмат беріп, ардагердің өмірбаянына тоқталды.

Қыдырәлі Раимбердиев 1981 жылы мектепті бітіріп, Ташкент жоғары әскери училищесіне оқуға түсken. Оқу орнын 1985 жылы бітіріп, лейтенант шенін алғып, Қеңес одағының Корғаныс министрінің бүйрекімен Кавказ әскери округі әскери бөлімінің танк взводына командир болып тағайындалған.

1986 жылы тамыз айында сол әскери бөлімнен Ауган Демократиялық Республикасына қызметке жіберілген. 201-мotoатқыштар дивизиясында 122-motoатқыштар


полкінің танк батальонінің 3-ротасының 1-ші танк взводының командирі лауазымына тағайындалды. Қыдырәлі Раимбердиев басшылық еткен танк взводының міндегі Айбак -- Поли-Хұмри бағытында 50-60 шақырым жолды, сол жолдан етегін колонналарды қорғау, «Айбак -- Кабул» құбыр магистралін қорғау болған.

-- Кабулға 1986 жылы тамыз айында бардық Миңгайнатар ыстық. Үшақтан түсken сәтте шынайы соғысқа түскенімді сезіндім. Дәл төбемде үшақтар, тікүщақтар ушып жүрді. Сарбаздардың бет-бейнесіне, кімімен қару жарақтарына қарап шайқастың ортасында жүргенімді түсіндім. Бұл жағдай менің психологияяма қатты әсер етті! - дейді өт-

кенін еске алған Қыдырәлі Раимбердиев.

1986-1988 жылдары ол өз взводымен бірнеше рет Баглан, Айбак, Қундыз провинцияларындағы қышлақтарды талибандардан қорғау операцияларына қатысқан. 1988 жылы ол Өзбекстанның Терmez қаласына әскери қызметті жалғастыруға жіберіледі. Әскери бөлімде рота командирі, батальон командирінің орынбасары қызметін атқарған.

Қыдырәлі Раимбердиевтің ұлы Мадияр да әке жолын қуып, әскери қызметті таңдаған. ҚР Корғаныс министрлігінің С. Нұрмаганбетов атындағы Құрлық әскерлері институтын үздік бітіріп, казіргі таңда капитан шенінде қарулы күштер қатарында қызмет



Суретте запастагы подполковник Қыдырәлі Раимбердиев

етуде. Біз, әскери кафедра ұжымы, Қыдырәлі Раимбердиевтей батыр үлмен қызметтес бол жүргенімізді мақтан етеміз. Отан үшін от кешкен осындаі азаматтардың ерлігін кейінгі үрпаққа дәріптеу біздің міндетіміз.

**Нұрмамет ӘЛИЕВ
М.Әуезов атындағы
ОҚУ әскери
кафедрасының
ага оқытушысы,
запастагы полковник**